2020 жылға арналған Ерейментау ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Ақмола облысы Ерейментау ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 26 наурыздағы № а-3/97 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 30 наурызда № 7771 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңы 6-бабының 4-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Ерейментау ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса берілген 2020 жылға арналған Ерейментау ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Н.Қ.Әлдібековке жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді, ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады

.

Ерейментау ауданының әкімі *А.Альжанов*

Ерейментау ауданы әкімдігінің
2020 жылғы "26" наурыздағы
№ а-3/97 қаулысымен
бекітілді

2020 жылға арналған Ерейментау ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

№	Мектепке дейінгі білім беру ұйымның түрі	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны		Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығындарының орташа құны (теңге)		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы айына ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)	
		мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік
1	Бөбекжай-бақшасы	875	415	37186	37186	үш жасқа дейін – 11000 үш жастан жоғары – 12000	үш жасқа дейін – 12000 үш жастан жоғары – 15000

2	Толымсыз жұмыс күнімен дербес шағын орталық	0	0	0	0	0	үш жасқа дейін – 2500 үш жастан жоғары – 3000
3	Мектеп жанындағы толымсыз жұмыс күнімен шағын орталық	549	0	13500	0	0	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК